



Пәні бойынша оқыту  
бағдарламасының (Syllabus)  
титулдық парағы

Нысан  
ПМУ ҰС Н 7.18.3/37

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Гуманитарлы-педагогикалық факультет

Психология және педагогика кафедрасы

5В010300 – Педагогика и психология мамандығының студенттеріне  
арналған

«Психология және педагогикада ғылыми зерттеу ұйымдастыру»

## **ПӘНІ БОЙЫНША ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ (Syllabus)**

Павлодар



Пәні бойынша оқыту  
бағдарламасын (Syllabus)  
бекіту парағы

Нысан  
ПМУ ҰСН 7.18.3/38

**БЕКІТЕМІН**  
Гуманитарлы-  
педагогикалық факультет  
деканы

\_\_\_\_\_ Ж.Т.Сарбалаев

20\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Құрастырушы: педагогика ғылымдарының кандидаты, психология және  
педагогика кафедрасының доценті Б.Х.Галиева

Психология және педагогика кафедрасы

5В010300 – Педагогика және психология мамандығының  
күндізгі оқу нысанындағы студенттеріне арналған

«Психология және педагогикада ғылыми зерттеу ұйымдастыру»  
**пәні бойынша оқыту бағдарламасы (Syllabus)**

Бағдарлама «\_\_» \_\_\_\_\_20\_\_ж. бекітілген жұмыс оқу бағдарламасының  
негізінде әзірленген.

20\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_кафедра отырысында ұсынылған №\_\_\_\_  
хаттама.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Е.И.Бурдина 20\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Факультет \_\_\_\_\_ оқу-әдістемелік \_\_\_\_\_ кеңесімен  
құпталған \_\_\_\_\_

20\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_\_\_ хаттама

ОӘК төрағасы \_\_\_\_\_ Е.Н.Жуманкулова 20\_\_ж.  
«\_\_» \_\_\_\_\_

## Оқытушы туралы мәлімет және байланысу жөніндегі ақпарат

Оқытушы – Галиева Бахыт Хасеновна, педагогика ғылымдарының кандидаты, психология және педагогика кафедрасының доценті

Таженова Гульнара Батырбаевна - психология және педагогика кафедрасының аға оқытушы

Психология және педагогика кафедрасы Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64 мекенжайындағы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «А» корпусындағы 149-аудиторияда орналасқан, байланыс телефоны 8(7182)673685 (ішкі нөмір 139).

## Пән туралы мәлімет

Пәннің еңбек сыйымдылығы

Семестр	Несие саны	Аудиториялық сабақтардың түрлері бойынша сағаттардың саны						Студенттің өздік жұмысы сағаттарының саны		Бақылау формасы
		барлығы	дәріс	тәжірибелік	зертханалық	студиялық	жеке	барлығы	СӨЖМ	
2	3	135	30	15			90	45	емтихан	

## Кіріспе

Қазіргі дидактикалық жүйе білім беру мазмұнының негізіне ғылыми танымның әр түрлі әдістерін меңгеруді салады: бүгінгі студент қажетті білімді өз күшімен алуды үйренуі тиіс. Демек, студенттер ақпараттың сан алуан көздерін пайдалана алуы керек: анықтамаларды, оқу және ғылыми әдебиеттерді, газеттер мен журналдарды, Интернет желісінің ақпарат әлеуетін. «Психологиялық-педагогикалық ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру» курсы, ең алдымен, студенттерді ғылыми шығармашылық іс-әрекетіне баулиды. Ғылыми шығармашылық іс-әрекеті удерісінде студенттердің танымдық, шығармашылық қабілеттері қалыптасады және дамиды, олар болашақ кәсіби іс-әрекетінде кездесетін мәселелерді айқындап, мақсаттар мен міндеттерді қоюды және шешуді, болжам жасап, оны

дәлелдеуді не теріске шығаруды үйренеді. Осы курсты зерделеу барысында студенттер ақпаратты іздеуге, іріктеуге, жүйелеуге және талдауға, ғылыми жұмыстарды дайындап, рәсімдеуге, оларды жариялап, көпшілік алдында қорғауға дағдыланады.

**Пәннің мақсаты:** болашақ педагог-психологтарды ғылыми шығармашылық іс-әрекетінің әдіс-тәсілдерін қолданудағы біліктер мен дағдыларға үйрету.

**Пәннің міндеттері:**

- студенттерді жалпы ғылыми, оның ішінде психологиялық-педагогикалық зерттеулерді ұйымдастырудың теориялық-әдіснамалық және әдістемелік негіздерімен таныстыру;

- болашақ мамандарды зерттеушілік іс-әрекетпен жаттықтыру;

- студенттердің қажетті кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту.

**Пәнді оқу нәтижесінде студент білуі тиіс:**

- психологиялық-педагогикалық жұмыста кездесетін зерттеу түрлерін;

- психологиялық-педагогикалық зерттеулердің негіздерін;

- психологиялық-педагогикалық зерттеу жасау әдістемесін;

**Пәнді оқу нәтижесінде студент мынадай біліктер мен дағдыларға ие болуы тиіс:**

- психологиялық-педагогикалық ғылыми зерттеулерді оларға қойылған талаптарға сәйкес жүзеге асыру;

- психологиялық-педагогикалық жұмыста кездесетін ғылыми зерттеулерді жағдаятқа сай таңдай алу;

- психологиялық-педагогикалық жұмыста зерттеу әдістерін іске асыру технологияларын білу;

- зерттеу әдістердің жіктелуін меңгеру;

- психологиялық-педагогикалық зерттеу әдістері арқылы ғылыми тұжырымдамаларға, құқықтық-нормативтік құжаттарға талдау жасау,

- психологиялық-педагогикалық зерттеулердегі диагностикалық әдістемелерді қолдану.

**Пререквизиттер:** мамандыққа кіріспе, педагогика, психология.

Сабақтар нысандары – топтық және жеке.  
 Курстың соңында студенттердің білімдерін тексеру үшін емтихан енгізілген.

<b>ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ</b>				
<b>№</b>	<b>Тақырыптардың атауы</b>	<b>Сағат саны</b>		
		<b>Д</b>	<b>Т</b>	<b>СӨЖ</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>
1	Қазақстанда ғылымның дамуы	2	1	6
2	ҚР ғылыми іс-әрекетті реттейтін нормативтік ережелер мен құжаттар	2	1	6
3	Ғылымтанудың жалпы ұғымдары. Ғылыми зерттеулердің негізгі тенденциялары мен бағыттары	2	1	6
4	Ғылыми зерттеудің әдіснамасы	2	1	6
5	Зерттеу әдістері	2	1	6
6	Эксперимент зерттеу әдісі ретінде. Экспериментті ұйымдастыру және басқару	2	1	6
7	Зерттеу іс-әрекетінің сатылары және зерттеудің логикалық құрылымы	2	1	6
8	Ақпарат көздерімен жұмыс істеу әдістемесі	2	1	6
9	Кітаппен жұмыс істеу жүйесі зерттеу іс-әрекетінің негізі ретінде. Зерттеушінің жеке тұлғалық қасиеттері	2	1	6
10	Зерттеушінің жеке тұлғалық қасиеттері	2	1	6
11	Зерттеу мәтінін дайындау	2	1	6
12	Ғылыми стильде мәтіндерді жазу	2	1	6
13	Ғылыми жұмысты рәсімдеу, талаптарға сай келтіру	2	1	6
14	Ғылыми жұмысты қорғау	2	1	6
15	Ғылыми жұмыстарды талдау және бағалау	2	1	6
<b>Барлығы сағат</b>		<b>30</b>	<b>15</b>	<b>90</b>

**ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ (сырттай бөліміне)**

1	Қазақстанда ғылымның дамуы	1		7
2	ҚР ғылыми іс-әрекетті реттейтін нормативтік ережелер мен құжаттар		1	7
3	Ғылымтанудың жалпы ұғымдары. Ғылыми зерттеулердің негізгі тенденциялары мен бағыттары	1		7
4	Ғылыми зерттеудің әдіснамасы	1		7
5	Зерттеу әдістері	1	1	7
6	Эксперимент зерттеу әдісі ретінде. Экспериментті ұйымдастыру және басқару	1		7
7	Зерттеу іс-әрекетінің сатылары және зерттеудің логикалық құрылымы	1		7
8	Ақпарат көздерімен жұмыс істеу әдістемесі	1		7
9	Кітаппен жұмыс істеу жүйесі зерттеу іс-әрекетінің негізі ретінде.		1	7
10	Зерттеушінің жеке тұлғалық қасиеттері		1	7
11	Зерттеу мәтінін дайындау	1		7
12	Ғылыми стильде мәтіндерді жазу	1	1	7
13	Ғылыми жұмысты рәсімдеу, талаптарға сай келтіру	1		7
14	Ғылыми жұмысты қорғау	1		7
15	Ғылыми жұмыстарды талдау және бағалау	1	1	7
	Межелік бақылау			3
	Сессия аралығындағы уақыт			9
<b>Барлығы</b>	<b>сағат</b>	<b>12</b>	<b>6</b>	<b>117</b>
<b>135</b>				

**1-тақырып Қазақстанда ғылымның дамуы** Ғылымның қазіргі әлемде дамуының негізгі тенденциялары. ҚР ғылымның дамуы; қазіргі жағдайы мен перспективалары.

**2-тақырып ҚР ғылыми іс-әрекетті реттейтін нормативтік ережелер мен құжаттар** ҚР ғылыми іс-

әрекет жүргізудің құқықтық негіздері. Ғылыми іс-әрекетті реттейтін нормативтік ережелер мен құжаттар; заңдар, ережелер, нұсқаулар. Ғылым саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі ұстанымдары, ғалымдардың құқықтары мен міндеттері, ғылыми-техникалық немесе ғылыми жұмыстың нәтижесіне интеллектуалдық құқық алу.

**3-тақырып Ғылымтанудың жалпы ұғымдары.** Ғылыми зерттеулердің негізгі тенденциялары мен бағыттары Ғылым адам іс-әрекетінің айрықша саласы ретінде. Ғылыми білім түсінігі. Еңбекті ғылыми ұйымдастыру негіздері. Ақыл-ой еңбегінің гигиенасы. Ғылыми зерттеулердің негізгі тенденциялары мен бағыттары.

**4-тақырып Ғылыми зерттеудің әдіснамасы** Әдіснама танымның ғылыми әдісі туралы ілім ретінде. Әдіснамалық білімнің иерархиясы. Зерттеу объектісі мен пәні. Зерттеудің ұғымдық аппараты. Ғылыми зерттеу әдістемесінің құрылымы.

**5-тақырып Зерттеу әдістері** Таным процессінің жалпы және жеке әдістері, тарихи, логикалық, теориялық, тәжірибелік, статистикалық әдістер.

**6-тақырып Эксперимент зерттеу әдісі ретінде.** Экспериментті ұйымдастыру және басқару Эксперимент таным және зерттеу әдісі ретінде. Эксперимент тақырыбын таңдау, негіздеу және тұжырымдау. Эксперименттің объектісі, пәні, болжамы, мақсаттары мен міндеттері. Зерттеудің нақты әдістемелері мен әдістерін әзірлеу, зерттеу сатылары мен логикасы. Эксперимент нәтижелерін бақылау әдістері. Эксперимент жүргізу алгоритмі.

**7-тақырып Зерттеу іс-әрекетінің сатылары және зерттеудің логикалық құрылымы** Ғылыми зерттеу ғылыми шығармашылық үдерісі ретінде. Зерттеу іс-әрекетінің сатылары. Ғылыми зерттеу құрылымы. Әдіснама, теория, тұжырымдама, технология, әдістер. Зерттеу мәселесін анықтау, мақсатымен міндеттерін белгілеу, зерттеу болжамын жасау, эксперимент ұйымдастыру, жиналған мәліметтерді реттеу және өңдеу.

**8-тақырып Ақпарат көздерімен жұмыс істеу әдістемесі** Ғылыми ақпарат көздері. Ғылым қайнарларымен жұмыс жүргізу кезендері; тыңдау, қабылдау, оқу, жазу т.б..

**9-тақырып** Кітаппен жұмыс істеу жүйесі зерттеу іс-әрекетінің негізі ретінде Кітапханалық-библиографиялық сауаттылық, оның зерттеу іс-әрекетіндегі рөлі. Кітаппен жұмыс танымдығ іс-әрекет әдісі тәрізді. Кітаппен жұмыс істеу тәсілдері.

**10-тақырып** **Зерттеушінің жеке тұлғалық қасиеттері** Зерттеушіге тән кәсіби қабілеттер. Негізгі зерттеушілік біліктер мен дағдылар және оларды қалыптастыру шарттары.

**11-тақырып** **Зерттеу мәтінін дайындау.** Жұмыс жоспарын дайындау, әдеби қайнарларын оқу. Ғылыми ақпаратты сақтау және өңдеу әдіс-тәсілдері.

**12-тақырып** **Ғылыми стильде мәтіндерді жазу** Ғылыми стильдің тілдік ерекшеліктері. Ғылыми мәтіндерді жазу мысалдары.

**13-тақырып** **Ғылыми жұмысты рәсімдеу, талаптарға сай келтіру**

Ғылыми жұмыстың құрылымдық бөлімдері, оларды дайындау ерекшеліктері. Ғылыми жұмыстарға қойылатын жалпы талаптар, зерттеу жұмыстарының құрылымдық бөлімдерін рәсімдеу ережелері. Зерттеу нәтижелерін ұсыну нысандары.

**14-тақырып** **Ғылыми жұмысты қорғау** Ғылыми жұмысты қорғау процедурасы. Ғылыми жұмысты жария қорғау – зерттеу іс-әрекетінің маңызды компоненті. Жария сөздің мәтіні мен көрнекі материалдарға қойылатын талаптар. Жария сөз ережелері.

**15-тақырып** **Ғылыми жұмыстарды талдау және бағалау** Ғылыми жұмыстардың сол сияқты жұмыстарға қойылатын талаптарға сай болуы. Зерттеуге зерттеушінің өзі ретроспективтік талдау жасауы және бағалауы (рефлексия).

### **3.4 Практикалық сабақтардың мазмұны**

**1-тақырып** Қазақстанда ғылымның дамуы

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Ғылымның қазіргі әлемде дамуының негізгі тенденциялары. Позитивтік және негативтік тенденциялар.

2. Қазақстандық ғылымның тарихы: кеше, бүгін, ертең. ҚР психология мен педагогика салаларындағы ғылыми зерттеулер және ғалымдар.

3. Ғылыми зерттеулердің түрлері: фундаменталды зерттеулер, қолданбалы зерттеулер, пысықтамалар.

**Практикалық тапсырмалар:**



1. М.Г.Сергееваның “Ғылым құндылықтары еуропалық өркениеттің негізгі құндылықтары ретінде” атты мақаласын оқыңыз. Онда бейнеленген ғылымның даму тарихымен таныс болыңыз. Мақаланың негізгі қағидаларын конспектілеңіз. (Әдебиет: 6, А қосымшасы).

2. Мынадай порталдар мен web-сайттардағы материалдармен танысыңыз, олардың қысқа тезистерін жасаңыз: [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz). - Ғылым және білім министрлігінің сайты, [www.naukazar.kz](http://www.naukazar.kz) - Қазақстан ғылымына арналған сайт.

Әдебиет: 1,3,6,7.

## **2-тақырып ҚР ғылыми іс-әрекетті реттейтін нормативтік ережелер мен құжаттар**

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. ҚР зерттеушілікке көзқарас.
2. Ғалымдардың құқықтары мен міндеттері.
3. Ғылыми жұмыстың нәтижесіне интеллектуалдық құқық алу шарттары.

Практикалық тапсырмалар:

1. Мына web-сайттағы материалдармен танысыңыз, олардың қысқа тезистерін жасаңыз: [www.academy.kz](http://www.academy.kz). - ғылыми іс-әрекеттің құқықтық негіздері туралы.

2. Мына сұрақтарға жауап беріңіз:

- Қазақстанда ғылым мен білім берудің интеграциясы туралы не айта аласыз?
- Зерттеушілікке Сіздің көзқарасыңыз қандай? Зерттеушілікпен кім айналасуы керек? Ол әрбір адамның қолынан келетін іс пе?

Әдебиет: 1,5,6,7,12.

## **3-тақырып Ғылымтанудың жалпы ұғымдары. Ғылыми зерттеулердің негізгі тенденциялары мен бағыттары**

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Ғылым адам іс-әрекетінің айрықша саласы ретінде.
2. Ғылыми білім түсінігі, оның тұрмыстық және көркем білімдерінен айырмашылығы.
3. Іргелі және қолданбалы зерттеулер.
4. Мынадай тақырыптарға баяндамалар дайындау және қорғау:
  - «Еңбекті ғылыми ұйымдастыру негіздері».
  - «Ақыл-ой еңбегінің гигиенасы».

- «Ғылыми зерттеулердің негізгі тенденциялары мен бағыттары».

**Практикалық тапсырмалар:**

1. “Ғылым” дефинициясының ағашын жасаңыз. Ол үшін түпкі сөзді анықтаңыз, оның анықтамасын сөздіктерден табыңыз. Содан соң тағы да түпкі сөздерді белгілеңіз, олардың анықтамаларын табыңыз, с.с.ә.қ.

2. Ғылым қандай қызметтер атқарады?

**Әдебиет:** 1,2,3,5,13.

**4-тақырып Ғылыми зерттеудің әдіснамасы**

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Әдіснама танымның ғылыми әдісі туралы ілім ретінде.

2. Әдіснамалық білімнің иерархиясы.

3. Әдіснаманың негізгі қызметтері.

4. Ғылыми зерттеудің әдіснамалық қағидалары.

**Практикалық тапсырмалар:**

1. “Әдіснамалық мәдениет” ұғымын қалай түсінесіз?

2. “Ғылыми зерттеу этикасы” ұғымы қандай мағынаны білдіреді? Қандай зерттеу этикасын бұзушы факторларды атап айта аласыздар?

**Әдебиет:** 1,2,3,4,5.

**5-тақырып Зерттеу әдістері**

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Зерттеу әдістерін жіктеу.

2. Таным процессінің теориялық әдістері.

3. Жалпы логикалық әдістер

4. Тәжірибелік әдістер.

5. Математикалық-статистикалық әдістер.

**Практикалық тапсырмалар:**

1. Зерттеу әдістерінің жіктемесін кестеде бейнелеңіз.

2. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде математикалық-статистикалық әдістер қандай мақсатпен қолданылады?

**Әдебиет:** 1,2,3,4,5.

**6-тақырып Эксперимент зерттеу әдісі ретінде.**

**Экспериментті ұйымдастыру және басқару**

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Эксперимент бағдарламасын жасау алгоритмі.

2. Эксперименттің мақсаттары мен міндеттері.

3. Эксперименттің негізінде жатқан теориялық қағидалар.

4. Жүргізілетін эксперименттік жұмыс саласындағы ғылыми жетістіктер.

5. Экспериментті іске асыру бағдарламасы.

6. Эксперименттің күтілетін нәтижелері.

**Практикалық тапсырма:** «Оқушылардың кітапханалық-библиографиялық сауаттылығын қалыптастыру», «Балаларда ғылымға қызығушылық ояту және дамыту» тақырыптарындағы эксперимент бағдарламасын жоғрыда берілген алгоритм бойынша жасаңыз.

**Әдебиет:** 1,2,4,5,6,8,9,11.

**7-тақырып Зерттеу іс-әрекетінің сатылары және зерттеудің логикалық құрылымы**

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Ғылыми зерттеу ғылыми шығармашылық үдерісі ретінде.

2. Зерттеу іс-әрекетінің сатылары.

3. Ғылыми зерттеу құрылымы.

**Практикалық тапсырма:**

1. Курстық, дипломдық жұмыс үлгілері, авторефераттар бойынша ғылыми зерттеудің логикалық құрылымын байқаңыз.

2. Үлгі бойынша таңдаған тақырыптағы зерттеу жұмысының логикалық аппаратын құрыңыз.

**Әдебиет:** 1,2,4,5,6,8.

**8-тақырып Ақпарат көздерімен жұмыс істеу әдістемесі**

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Ғылыми ақпарат көздерінің түрлері.

2. Деректі ақпарат көздері: аудиовизуалды, ғылыми (монографиялар, диссертациялар, т.б.), ғылыми-көпшілік (журналдар, кітаптар, т.с.с.), ресми, анықтамалық, оқу т.б.

3. Ақпараттық-библиографиялық көздер: библиографиялық шолу, библиографиялық құралдар, Интернет, т.б.

4. Ғылым қайнарларымен жұмыс жүргізу тәсілдері: аннотация, тезистеу, конспектілеу, реферат жазу т.б.

**Практикалық тапсырмалар:**

1. Таңдаған тақырып бойынша библиографиялық шолу жасаңыз.

2. Психологиялық-педагогикалық ғылыми журналдардағы 2-3 мақаланың аннотациясын, тезистерін, конспектін жасаңыз және оған пікір жазыңыз.

**Әдебиет:** 1,5,6,7,9.

## **9-тақырып Кітаппен жұмыс істеу жүйесі зерттеу іс-әрекетінің негізі ретінде**

### **Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Кітапханалық-библиографиялық сауаттылық.
2. Кітаппен жұмыс істеу жүйесі зерттеу жүргізудің өзегі ретінде.
3. Кітаппен жұмыс істеу тәсілдері.
4. Оқырманның еңбегін ғылыми ұйымдастыру.

**Практикалық тапсырмалар:** Кітаппен жұмыс істеу дағдыларын арттыруға арналған тапсырмаларды орындау:

1. Ақпарат көздерін іздеуді қалай іске асырасыз?
2. Өз мамандығыңыздың студенттері үшін ғылыми ақпаратты іздеуді іске асыру бойынша әдістемелік ұсыныстар дайындаңыз.
3. Психологиялық-педагогикалық ғылыми журналдардағы 2-3 мақаланың аннотациясын, тезистерін, конспектін жасаңыз және оған пікір жазыңыз.

**Әдебиет:** 1, 6,7,9.

## **10-тақырып Зерттеушінің жеке тұлғалық қасиеттері**

### **Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Зерттеушіге тән кәсіби қабілеттер.
2. Негізгі зерттеушілік біліктер мен дағдылар
3. Зерттеушілік біліктер мен дағдыларды қалыптастыру шарттары.
4. Зерттеушінің профессиограммасын жасау.
5. Зерттеу іс-әрекетінің этикасы.

### **Практикалық тапсырмалар:**

1. Болашақ педагог-психологтардың ғылыми-зерттеу жұмысына даярлығы деген не?
2. Ғылыми-зерттеу жұмысына деонтологиялық даярлық деген ұғымды түсіндіріңіз.
3. Мына әдебиет көзі бойынша: Кертаева К.М., Боталова О.Б. Организация психолого-педагогических научных исследований: учебное пособие. – Павлодар, 2007. – С. 29-31 – зерттеушінің профессиограммасы мен ғылыми-зерттеу жұмысына деонтологиялық даярлығы моделін жасаңыз.

**Әдебиет:** 1,5,6.

## **11-тақырып Зерттеу мәтінін дайындау.**

### **Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Жұмыс жоспарын дайындау, әдеби қайнарларын оқу.
2. Ғылыми ақпаратты сақтау ұғымы.

3. Ғылыми ақпаратты сақтау тәсілдері.
4. Ғылыми ақпаратты өңдеу әдіс-тәсілдері.

**Практикалық тапсырмалар:**

1. Ғылыми ақпаратты сақтау тәсілдерінің кестесін төмендегі үлгі бойынша жасаңыз:

Ғылыми ақпаратты сақтау тәсілі	Артықшылығы	Кемшілігі

2. Статистикалық өңдеу әдістерін зерделеңіз.

**Әдебиет:** 1,4,6,7.

**12-тақырып Ғылыми стильде мәтіндерді жазу**

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Ғылыми стильдің тілдік ерекшеліктері.
2. Ғылыми мәтіндер түрлері.
3. Негізгі мәтіндердің түрлері, олардың қызметтері.
4. Көмекші мәтіндер. Олардың қызметі.

**Практикалық тапсырма:** Ғылыми мәтіндерді (баяндама) ғылыми стильдің талаптарына сай жазу:

“Зерттеушінің этикасы” атты баяндаманы ғылыми стильдің талаптарына сай жазып келіңіз.

**Әдебиет:** 1,6,7.

**13-тақырып Ғылыми жұмысты рәсімдеу, талаптарға сай келтіру**

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Ғылыми жұмыстың құрылымдық бөлімдері.
2. Ғылыми жұмыстың құрылымдық бөлімдерін дайындау ерекшеліктері.
3. Ғылыми жұмыстарға қойылатын жалпы талаптар.
4. Зерттеу жұмыстарының құрылымдық бөлімдерін рәсімдеу ережелері.
5. Зерттеу нәтижелерін ұсыну нысандары.

**Практикалық тапсырма:** Ғылыми жұмысты рәсімдеп жаттығу.

**Әдебиет:** 1,3,5,6.

**14-тақырып Ғылыми жұмысты қорғау**

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Ғылыми жұмысты қорғауға ұсыну.
2. Ғылыми жұмысты жария қорғау.
3. Қорғау тәртібі.

4. Жария сөздің негізгі біліктері мен дағдылары: логикалық талдау жасай алу, сөз сөйлеу нысанын таңдай алу, мазмұнды жайып айта білу.

**Практикалық тапсырмалар:**

1. Жария сөз сөйлеу дағдыларын пысықтауға арналған жаттығулар орындау.

2. Жария сөз мысалдарын жасау.

**Әдебиет:** 1,3,6,9,11.

**15-тақырып Ғылыми жұмыстарды талдау және бағалау**

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

1. Ғылыми жұмыстардың сол сияқты жұмыстарға қойылатын талаптарға сай болуы.

2. Зерттеуге зерттеушінің өзі ретроспективтік талдау жасауы және бағалауы (рефлексия).

3. Ғылыми жұмысқа пікір жазу.

**Практикалық тапсырмалар:** Ғылыми жұмыс нұсқаларына (мысалы, оқытушы ұсынған студенттердің рефераттарына, курстықжұмыстарына) пікір жазып жаттығу.

**Әдебиет:** 1,2,3,5,9.

**3.4 Студенттердің өзіндік жұмысының мазмұны**

№	СӨЖ түрі	Есеп беру ф-сы	Бақылау түрі	Сағат көлемі күндізгі
1.	Әрбір дәріс бойынша конспектілер жасау	<b>Конспект жасау</b>	<b>Сабаққа қатысу</b>	30
2.	Тәжірибелік сабақтарға дайындалу, үй тапсырмаларын орындау	Үй тапсырмалар жазба түрде	<b>Сабаққа қатысу</b>	15
3.	Аудиториялық сабақтардың мазмұнына кірмеген материалды зерделеу	<b>Баяндаманың кон</b>	Баяндаманы қорғау	22

		<b>спекті</b>		
4.	Психологиялық-педагогикалық зерттеулерге байланысты нормативтік құжаттарды талдау	<b>кестелеp</b>	Кестелер бойынша жауап беру	8
5.	Бақылау іс-шараларына дайындалу	<b>Конспект</b>	Аралық және қорытынды бақылау (тестілеу, емтихан)	15
<b>Барлығы</b>				<b>90</b>

### 3.5 Студенттердің өзіндік зерделеуіне арналған тақырыптар

#### **1-тақырып Қазақстандағы зерттеу жұмыстарының өзекті мәселелері.**

Қазақстан Республикасында зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың негіздері. Зерттеулердің өзекті мәселелерін анықтау және оларды сипаттау.

#### **Практикалық тапсырмалар:**

1. Жоғарыда берілген сұрақтар бойынша баяндама дайындаңыз.

2. Қазақстандағы психологиялық-педагогикалық зерттеулердің негізгі бағыттары атты кесте, сұлба(схема) немесе сурет жасаңыз.

**Әдебиет:** 1,3,6,7.

#### **2-тақырып. Психологиялық-педагогикалық зерттеулердің негіздері.**

“Психологиялық-педагогикалық зерттеу” ұғымының мәнін ашу, психологиялық-педагогикалық зерттеу жүргізудің механизмін түсіндіру.

#### **Практикалық тапсырмалар:**

1. “Психологиялық-педагогикалық зерттеу” ұғымының мәнін ашу үшін “ұғым ағашын” жасаңыз. Ол үшін түпкі сөзді анықтаңыз, оның анықтамасын сөздіктерден

табыңыз. Содан соң тағы да түпкі сөздерді белгілеңіз, олардың анықтамаларын табыңыз, с.с.ә.қ.

2. Психологиялық-педагогикалық зерттеу жүргізудің механизмін түсіндіру үшін зерттеу құрылымы мен сатыларына талдау жасаңыз, психологиялық-педагогикалық зерттеу жүргізудің мақсаты ұғымын қалай түсінетініңізді айтыңыз.

**Әдебиет:** 1,2,7,8,9,10.

### **3-тақырып. Жобалау зерттеу компоненті ретінде.**

Жобалау ғылым қызметі және зерттеу компоненті ретінде. Жобалаудың сатылары мен нысандары. Педагогикалық жобалау.

**Практикалық тапсырма:** Жоғарыда берілген сұрақтар бойынша библиографиялық шолу жасап, қолда бар әдебиет көздерінің мазмұнымен танысыңыз.

**Әдебиет:** 1,2,7,8,9,10,11,12,13.

### **4-тақырып. Ғылыми жоба зерттеу жұмысының нысаны ретінде.**

“Ғылыми жоба” ұғымын анықтау. Ғылыми жобаларға қойылатын талаптар. Жобалар әдісіне тарихи шолу жасау.

**Практикалық тапсырмалар:**

1. Жоғарыда берілген сұрақтар бойынша библиографиялық шолу жасаңыз.

2. Сыныптың тәрбие жүйесін, мектеп кабинетінің жасақталуын, мектеп үйірмелерінің, клубтарының, бірлестіктерінің бағдарламаларын, өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламасының тұжырымдамасын (студенттердің таңдауы бойынша) жобалап қорғаңыз.

**Әдебиет:** 1,2,7,8,9,10,13.

## **Ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

### **Негізгі әдебиеттер**

1. Ахметова Г.К., Пфейфер Н.Э., Бурдина Е.И. Азбука для начинающего исследователя: метод. пособие . – Павлодар, 2003.



2. Введение в научное исследование по педагогике/ Под ред. Бабанского Ю.К., Журавлева В.И., Розова В.К. и др. – М., 1988. – 237 с.

3. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005-2015 годы. – Астана, 2004. – 39 с.

4. Егоров В.В., Скибицкий Э.Г. Организация и технология научного исследования. – Новосибирск, 2006. – 426 с.

5. Загвязинский В.И., Атаханов Р. Методология и методы психолого-педагогического исследования: учебное пособие для студентов вузов. – М., 2001. – 208 с.

6. Кертаева К.М., Боталова О.Б. Организация психолого-педагогических научных исследований: учебное пособие. – Павлодар, 2007. – 354 с.

7. Лекция Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева в Евразийском национальном университете им. Л.Н.Гумилева. – Павлодар: НИЦ ПГУ им. С.Торайгырова, 2006. – 18 с. оловьева Н.Н. Основы организации учебно-научной работы студента: учебно-методическое пособие для самостоятельной работы студентов. – М., 2003. – 55 с.

### **Қосымша әдебиеттер**

7. Заир-Бек Е.С. Основы педагогического проектирования. – СПб, 1995.

8. Маров В.Н., Вагапова Д.Х., Зыбина Т.М., Виньков Ю.В. Риторика – учителю. – Пермь, 1993. – 105 с.

9. Научно-исследовательская работа педагогов и учащихся: Пособие для слушателей /Составитель: В.К.Омарова. – Павлодар: ПГПИ.– 2005.– 48 с.

10.Новиков А.М. Научно-экспериментальная работа в образовательном учреждении. – М., 1998. – 134 с.

11.Педагогика: Большая современная энциклопедия / Сост. Е.С.Рапацевич. - Мн.: Современное слово, 2005. – 720 с.

12.Сборник нормативных документов. – Павлодар: Региональный научно-практический центр «Ертіс дарыны». – 2004. - 68 с.

13.Чечель И.Д. Управление исследовательской деятельностью педагога и учащегося в современной школе. – М., 1998.

